



030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Шикұдық ауылы, Қ.Рысқұлбеков көшесі №16 үй, тел: 74-1-43
030900, Актыобинская область, Уилский район, село Шикудык, улица Қ.Рысқұлбекова, дом №16, тел: 74-1-43

2025 жылғы «19» наурыз
года
Шикұдық с.

№7

«19» март 2025

с.Шикудук

**Мектепке дейінгі ұйымдарда
ата-аналарға арналған
консультациялық пункт ашу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 1-индикаторының 5-тармағын орындау және мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдеріне) кеңес беру, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру үшін ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың наурыз айынан бастап Теректі негізгі мектебі жанындағы шағын орталықтан ата-аналарға арналған консультациялық пункт ашылсын.
2. Теректі негізгі мектебі жанындағы шағын орталық бойынша ашылған консультациялық пункт тиісті деңгейде талапқа сай жұмыс жасауы қамтамасыз етілсін.
3. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар басшылыққа алынсын.
4. Консультациялық пункт қызметін талапқа сай ұйымдастыруға, қажетті ақпараттардың сайтқа орналастырылуына жауапты болып төмендегі қызметкерлер бекітілсін:
 - 1) Бауеденова Д. – шағын орталық тәрбиешісі және музыкалық жетекшісі
 - 2) Кошкарбаева А.Н. – мектеп психологы
5. Консультациялық пункт жұмысын нұсқаулыққа сәйкес жүргізілуін қадағалау, әдістемелік көмек беру оқу ісі жөніндегі орынбасар А.Мұхитқа жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Негіздеме: Ойыл аудандық білім бөлімінің басшысының 17.03.2025ж №243 бұйрығы

Мектеп директоры:



М.Аяпбергенов